Газета для тех, кто учится и учит

ҚазТБУ ТЫНЫСЫ

«Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
Акционерное общество «Казахский университет технологии и бизнеса»

Ақпараттық, танымдық, ғылыми-әдістемелік басылым <> www.kazutb.kz <> Қараша-желтоқсан 2019 жыл



Тәуелсіздік мерекесі – еліміздің егемендігінің нышаны, Қазақстанның әрбір азаматы үшін қастерлі күн.

Бүгінгі Қазақстан – бұл кемелденген, қуатты мемлекет.

Тәуелсіз Қазақстан 28 жыл ішінде экономикалық дамуда, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде аса зор жетістіктерге қол жеткізді. Тұрақтылық және қоғамдағы өзара түсіністік, зор жауапкершілікпен жүзеге асырылған сыртқы саясат – республиканың ғаламдық деңгейде беделін өсірді. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі!

Қадамы батыл, қарышты дамыған еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

Қазақ елінің алтын діңгегіне айналған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен университет ұжымын, барлық әріптестерімді және өңір халқын шын жүректен құттықтаймын.

Қорқыт атаның әдемі сөзі бар: «Өткен күн, Кеше – тарих,
Келер күн, Ертең – сыр,
Ал, бүгінгі күн – үлкен сый!» деген. Еркіндік пен елдік, азаттық пен теңдікті сыйлаған бұл Тәуелсіздік – өткен ғасырдың жемісі, бүгінгі ғасырдың баға жетпес сыйы.

Тәуелсіздік күнімен баршаңызды құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақ пен береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Асыл арманнан ақиқатқа айналған тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі, бейбітшілігіміз баянды болсын! Мереке құтты болсын!!!

Құрметпен, Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры
Оразбаев Жұматай Зейноллаұлы

Нұр - Сұлтан қаласы әкімдігінің «**Білім беруді жаңғырту орталығы**» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжі **2019 жылдың 5 желтоқсанында** «Техникалық және кәсіптік білім беруде инновациялық технологияларды

енгізу арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттыру» тақырыбында қалалық «Ашық есік күнін» өткізді. Осы іс-шараны ұйымдастыруда колледж әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы үлкен жұмыс атқарды.

Ашық есік күнінің қонақтары: **Көшербай Жанар Арнауытқызы-** Білім беруді жаңғырту орталығының IT және мониторинг бөлімінің басшысы; **Тілегенов Қайрат -** Білім басқармасы мемлекеттік мекемесі Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндерінің әдіскері, **Жунусова Гульнара Толегазиевна –** колледжбен әлеуметтік серіктестік

қызметкері, **Коваль Лада Владимировна -** колледжбен әлеуметтік серіктестік қызметкері және қала колледждерінен шақырылған 25 оқытушы мен әдіскерлер бірінші және жоғары біліктілік санатына үміткер оқытушыларымыздың ашық сабақтарына қатысып, белсенділік танытты.

Колледж директоры **Дінмұхамет Балғабекұлы Өтеев** «Ашық есік күнін» салтанатты түрде ашып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының 2-параграфына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді екінші кезеңнен өткізу мақсатында шығарылған бұйрықты орындау үшін

«Ашық есік күніне» қала колледждерінің әдіскерлері мен оқытушыларының арасында тәжірибе алмасып, пікірлерін тыңдауға жиналып отырғанымызды баяндады.

Жаңа әдіс-тәсілдермен жұмыс істеуге үйрету мақсатында теориялық білімімізді іс-тәжірибеде жүзеге асыру үшін, біздің колледжде 2010 жылдан бастап қала колледждерінің ішінде 1-ші болып автоматтандырылған ақпараттық «Platonus» жүйесі енгізілген, 2011 жылдан бері қашықтықтан оқыту

технологиясы қолданылады, 2014 жылдан бастап студенттер кредиттік технология бойынша оқиды. Жаңа әдістердің басты мақсаттарының бірі - студенттерді оқыта отырып ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру болып табылады.

Яғни, мұндағы студент – өзі ізденуші, бір-бірін үйретуші, ал оқытушы – бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі студент берілген тақырып бойынша өзі ізденіс жұмыстарын жүргізеді, мүмкіндігінше студенттерді өз беттерімен ақпараттар іздеуге, кез-келген жаңаша оқыту белгілі мөлшерде адамды дамыта отырып, қосымша материалдарды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен анықтай алуға үйретететіндігін айтып өтті.

Білім беруді жаңғырту орталығының IT және мониторинг

бөлімінің басшысы **Ж.А.Көшербай** бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғанын сөз етті.

Сондықтан ашық сабаққа қатысушылар өткізілген сабақ

бойынша студенттердің оқу үдерісіне қатысты барлық нәтижелерін талдауды зерделенген мәселелерді негізге ала отырып, келесі Lesson Study-ді жоспарлауды ұсыну керектігіне тоқталды. Басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, салт - дәстүрлерінің рухани-мәдени мұралардың сабақтастығын басшылыққа ала отырып, кәсіби білім беруде мемлекеттің бәсекеге

қабілетті мамандарға деген сұранысын өтеуге бағдар ұстану керектігін айтып өтті.

Нұр – Сұлтан қаласындағы асханалар желісі бойынша «Коваль Лада Владимировна» жеке кәсіпкерлігініңдиректоры, әлеуметтік серіктес **Л.В.Коваль** «кәсіптік және техникалық білім беруді дамыту, өте маңызды мәселе, өйткені, ішкі еңбек

нарығы жаңа ақпараттық технологиялармен қаруланған кәсіптік және техникалық білімі бар өз кадрларымызбен қамтамасыз етуді талап етуде. Еңбек нарығы шарттарының өзгеруін ескере отырып білікті мамандар дайындау жүйесін құрудағы әлеуметтік серіктестіктердің құрылымын белсенді пайдалану қажет. Кәсіптік білім беру саласында әлеуметтік серіктестіктің байланысы арқылы білім алушылардың таңдаған мамандық туралы түсініктері қалыптасады, оқу поцесінде алған теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалану дағдыларын тереңдетеді, өндірістік жағдайда өзіндік шешім қабылдау іскерлігі қалыптасады.

Колледжбен әлеуметтік серіктестіктер арасындағы келісім шарттар жыл сайын жаңартылып отырады, жұмыс берушілердің арасындағы келісім шарттардың негізгі



белгілері:өндірістік тәжірибеден өткізу, оқу орнындағы материалдық-техникалық базаны бекіту. Ең бастысы – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру болса, сол мүмкіндік осы колледжде жүзеге асырылып отыр» - деді.

«Атамекен» кәсіпкерлер одағы және өнеркәсіп саласының маманы, киімді жобалау және модельдеу бойынша дизайн орталығының жетекшісі, әлеуметтік серіктес **Г.Т.Жунусова** «болашақ мамандардың білім сапасын және кәсіптік шеберліктерін көтерудің бірден бір шарты өндірістік тәжірибені дұрыс ұйымдастыру мен өткізу болып табылады. Әлеуметтік серіктестікті нығайту үшін техникалық-кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандар даярлау деген сөз.

Кредиттік жүйе бойынша оқыту студенттердің кәсіби біліктер мен дағдыларын, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара

байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз» - деп, пікірін білдірді. Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы педагогикалық әдіс-тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, педагогтың жылдар бойы жинақтаған іс-тәжрибесін бүгінгі «Ашық есік» күнінде кредиттік технологияны ұштастыру орынды екенін атап өтті.

Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі қажет екенін білетін Қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы А.Е.Мұқанова өткізген «Қазақстан «Қайта құру» жылдары (1985-1991 жж)» тақырыбында өткізген ашық сабағына қатысушы Білім беруді жаңғырту орталығының IT және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.А.Көшербай, Нұр – Сұлтан қаласы әкімдігінің «Көпбейінді колледжі» МКҚК оқытушысы Г.К.Усманова, Б.Ж.Махат т.б. бірауыздан төмендегідей пікір айтты: Оқытушының сабақ жоспары жүйелі құрылған. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылуы жайындағы білімі толық меңгерілген. Студенттер сабақта

белсенділік танытты. Оқытушы өте мәдениетті, білікті. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылу жылдарындағы білім толық меңгерілді, студенттер сабаққа белсене қатысты, өзара қарым-қатынасы өте жақсы, сабақ шынайы өткізілді.

Ұсыныс ретінде студенттерге еркіндік беріп, өмірге бейімдеуге бағытталған жұмыстар мен сабақты түрлендіріп, студенттерді көбірек сөйлетуді атады.

Еңбекті қорғау және өндірістік экология негіздері пәнінің оқытушысы И.Б.Абжанова өткізген «Қоршаған орта факторларының әсері» тақырыбындағы сабағына қатысушы Нұр – Сұлтан қаласы Білім басқармасының «Гуманитарлық колледжі» МКҚК оқытушысы Д. Сейдалықызы мынадай пікір айтты: Заман талабы адамның біліміне, оны күнделікті тұрмыста қолдана алу мүмкіндігіне ие болу мәселесін қамтып отыр. Осы тұрғыдан алғанда жаңа білімді алу қажеттілігін туындату, пәнге деген қызығушылықты арттыруда, алынған

білімді ары қарай тереңдетіп, студенттердің ғылыми түсінігін кеңейтуде, танымдық қызығушылығын дамытуда Индира Берікқызы практикалық жұмыстарына көп көңіл бөлді. Практикалық сабақ құрылған жоспарға сай өтті. Ұсыныс: Сабақ жоғарғы деңгейде ұйымдастырылған. Студенттер сабаққа ерекше дайындықпен келген, сабақтың мазмұнын толық түсініп, оны тәжірибеде қолдана білді. Зерттеу жұмыстары жақсы таңдалған.Өмірде қолданысқа ие мәселелер қозғалды.Сабақ мазмұнды жоғары дәрежеде өтті.

Физикалық және коллоидтық химия пәнінің оқытушысы Асылбек Айгерім өткізген «Көбік алудың тұрақтылығын зерттеу» тақырыбындағы сабағына қатысушы «Көпбейінді гуманитарлық техникалық» колледжінің оқытушысы Б.Адлетхан мынадай пікір айтты: Өз пәнінің теориялық негізін жетік меңгергенін, кәсіби біліктілігін, әдістемелік шеберлігін көрсете алды. Сабақты жоғарғы деңгейде өткізілуі студенттердің пәнге деген қызығушылығы мен тақырыпқа сай түрлі деңгейде зерттеу жұмыстарының болуында деп санаймын. Іс жүзінде жасалған зертханалық жұмыс студенттің өткен тақырыпты қорытындылап, түйіндеп, ұмытылмастай есте сақтауына әсер етеді, әрі қарай

зерттеуге қызығушылығын арттырады. Сабақтың құрылымы мен мазмұны өте жоғары деңгейде өтті.

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы А.Ж.Құсаинова өткізген «Customs and traditions of Great Britain and Kazkhstan» тақырыбындағы сабағына қатысушы «Астана техникалық экономикалық» колледжінің оқытушысы Қайынбай Рахымжан пікір білдірді: Мүмкіндігі шектеулі студенттерді іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға, бар күш жігерін жұмсады. Сабақ барысында мүмкіндігі шектеулі студенттердің психологиялық ерекшілігі ескерілді, қуантарлығы мүмкіндігі шектеулі студентті қоғамға пайдасы бар азамат етіп дайындап жатыр екенсіздер. Ұсыныс: Мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту сапасын арттыра беріңіздер.

Құзырлылық деңгейі кәсіби мамандар деңгейінен кем түспейтін, жан-жақты дамыған және түрлі жұмыстарды атқара алатын, жұмыс бағытындағы жаңа мақсаттар мен өзгерістер, жұмыс саласына тұтастай алғанда қандай әсер тигізетіндігі туралы түсінігі жоғары Қазақстан тарихы және қоғамтану пәнінің оқытушысы К.Қ.Усманов өткізген «Демократия және оның негізгі бағыттары» тақырыбындағы сабағына қатысушы «АСУ» гуманитарлық техникалық колледжінің оқытушысы С.Мұралхан, Құрылыс-техникалық колледжінің оқытушылары пікірлерін айтты: Сабақ әдістемемелік тұрғыдан дұрыс құрылған, зерттеушілік ынталандыру жұмыстары жүргізілді. Студентпен кері байланыс кезеңі мен кәсіптік білім берудің негізгі бөлігі маман даярлау сапасын арттырудың тиімді тәсілі қолданылды.

Сондай-ақ келешекте осы сабақты барлық бірінші курс студенттерінің арасында таратып өткізсін деген ұтымды ұсыныс айтылды.

ҚазақтіліменәдебиетіпәнініңоқытушысыЖ.С.Мырзатаева өткізген «Ұлылардың ұлысы - Абай» тақырыбында өткізген

ашық сабағына қатысушы Энергетика және байланыс колледжінің оқытушысы С.К.Танирбергенова, Нұр – Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінен» келген Ә.К.Коптлеуова, А.О.Жиенқұл, А.Х.Мукашева, «Еуразия гуманитарлық институтының» колледжінен келген Ж.Е.Абуова, Г.А.Қасен, Р.С.Разақова т.б. оқытушылар бірауыздан төмендегідей пікір білдірді: Өз пәнінің теориялық негізін жетік меңгерген, сабақ барысында студенттердің функционалдық сауаттылығын талап ете біледі, сабақ жоспарын заманауи талапқа сай құрастырған. Сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдерде студенттер өзін-өзі реттей, бағалай, бақылай отырып, ойларын ашық айта алды. Зерттеу жұмыстары жүйелі орындалды. Студенттер өлең жолдарын мәнерлеп жатқа айта алды. Абай Құнанбайұлының әр қыры бойынша жеке жұмыстар сәтті жүргізілді, сабаққа қатысып отырған топтағы барлық студент тапсырмамен қамтылған белсенді түрде жауап берді.

Ұсыныс: Биыл, 2019 жылы ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналғандықтан, сабақ жоспарын баспаға жіберуге болатындығын айтып өтті.

Арнайы пән оқытушысы Оңал Тілеуберді өткізген «Фирмалық стиль» тақырыбында өткізген ашық сабағына қатысушы Политтехникалық колледжі, Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі, Медициналық-техникалық колледжі, «Қаржы академиясы» АҚ колледждерінен келген оқытушылар атынан Ж.З.Бельгибаева бірауыздан төмендегідей пікір айтты: Студенттерді бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға машықтандырды. Бұл жерде оқытушы студентке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөлді. Оқытушы студенттер бойындағы түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, әрі қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызып, көмектесті. Слайд перезентациясы арқылы студенттерді шағын топтарға бөліп, тапсырмалар берді.

Ұсыныс: Осы сабақты сайыс түрінде дайындап, қала колледждері студенттерінің арасында өткізсін деген ұсыныс білдірді.

Арнайы дизайн пәнінің оқытушысы «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері»

төсбелгісінің иегері, «Дизайнерлер одағының» мүшесі М.Е.Мешелов «Шыныға лезде саусақпен сурет салу» тақырыбында өткізген шеберлік сабағына қатысқан Астана техника – экономикалық колледжінен, Құрылыс- техникалық колледжінен, МКҚК «Политехникалық колледжінен» Ж.Е.Шералиев, М.А.Исмаилова, Ш.Е.Калкенва т.б бірауыздан төмендегідей пікір айтты: Қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырды, шығармашылығын қалыптастыруда топтық тапсырмалар орындалды. Сабақ өтуге арналған жоспар толық орындалды,оқытушының педагогикалық мәдениеті,сөйлеу мәнері, өте жоғары деңгейде.Сабақтың мақсаты дәл қойылған,оқыту заңдылықтарының ғылымилығы,жүйелілігі,теорияның тәжірибемен байланысы қол жетімді. Оқыту әдістерін пайдалануы,үлестірмелі материалдары,сабаққа қатысқан студенттердің

деңгейіне сәйкес құрылған. Сабаққа студенттер белсенді қатысып,қызығушылық танытты.

Ұсыныс: Осы ұйымдастырылған шеберлік сабақ қала деңгейінде ұйымдастырылған басқа іс-шараларда көрсетілсін.

Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері пәнінің оқытушысы К.Ж. Князова өткізген «Инвестиция тарту және мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбында өткізген ашық сабағына қатысушы «Шипагер»медициналық колледжі оқытушысы Б.А.Сейдахметова төмендегідей пікір айтты: Сабақ әдістемелік тұрғыдан өте сауатты әрі тиімді құрылған. Заманауи әдіс тәсілдер қолданылды, заман талабына сай өз болашағын дұрыс жоспарлай алуға, дұрыс шешім қабылдауға, дұрыс қарым-қатынас жасауға бағытталған тәсілдер қолданылды.

Ұсыныс: Басқа жас мамандарға үлгі ретінде сабақ жоспарын ұсыну тиімді екендігін айтты.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы – ұйымдастырушысы, колледждегі «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері М.Ә.Қасымов «Біз ата – бабалар жолын жалғастырушылармыз» тақырыбында өткізген патриоттық сабағына қатысқан МКҚК «Политехникалық колледжінен» Ж.Е.Шералиев, ҚазГЗУ гуманитарлық колледжінен, Нұр – Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжінен», «Туран – Профи» қалалық шаруашылық колледжінен т.б. келген оқытушылар Р.Қайыңбай, С.Балталықұлы, «JAS OTAN» жастар қоғамынан келген Б.Б.Жанділдаев, С.Матюжинко бірауыздан төмендегіндей пікір айтты: Қазақ, қазақ болғалы басынан өткерген көптеген тарихи жағдайлардан бастап,егемендігімізді алып жеке мемлекет болып қалыптасқанға дейінгі жүріп өткен жолдар рет-ретімен студенттер арқылы тиімді әнмен, сөзбен айтылып жеткізілді. Іс – шараны өткізу үшін үлкен шығармашылық дайындық жүргізілгені байқалып тұр. Студенттерді заман талабына сай, шығармашылық әдістермен еңбек ете алатын маман болып шығуына жаңаша білім беру технологияларын пайдаланып дайындайтындығына сенім білдіреміз.

Іс-шараның қорытындысы. Нұр - Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының IT және мониторинг бөлімінің басшысы **Ж.А.Көшербай**: Әрбір педагогикалық ұжым жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауды қамтиды. Ашық есік күнін өткізудегі мақсатымыз тәжірибе алмасу. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір оқытушы өзінен бастағаны жөн деп ойлаймын. Бұл үшін ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни, дәстүрлі оқытудың қатып қалған қағидаларынан арылуы тиіс, сондай-ақ өткізілген ашық сабақтарда студенттерді өз бетімен білім алуға, ғылыми жұмыстарға деген қабілетін шыңдады. Барлық студент бағаланып, сабақтың сапа көрсеткіші де өте жақсы болды. Сабақ кредиттік технология бойынша өткізілді.

Оқытушылар жұмысын ұйымдастыру, оқу-тәрбие үрдісінің сабақ берудегі әдіс пен әдістемелерінің өзара байланысын, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстар ерекшелігін көрсете алған «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжінің ұжымына алғысын білдірді.

Өткізілген сабақтардан үзінді

Арнайы пәндер оқытушысы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатқа өтініш берген Асылбек Айгерімнің

Физикалық коллойдық химия пәні бойынша «Көбік алу және тұрақтылығын зерттеу» тақырыбында өткізген ашық сабағы

1)Физикалық коллоидтық химия нені зерттейтін ғылым:

Физикалық химия- химия мен физиканың арасындағы аралық ғылым. Ол химиялық реакциялардың, онымен қоса жүретін физикалық құбылыстардың заңдылықтарын зерттейді. Коллоидтық химия- дисперстік жүйклкр мен фазалардың бөліну беттерінде болатын беттік құбылыстарды зерттейтін ғылым саласы.

2) Физикалық коллоидты химияның даму тарихы.

Негізін салған ғалымдар,жеке ғылым ретінде қашан қалыптасты: Физикалық химия ғылыми пән ретінде алғаш рет XVIII- ғасырдың орта шенінде пайда болды. Оның негізін орыстың атақты ғылыми М.В.Ломоносов (1711-1765) қалады. Кейінірек физикалық химияның дамуына үлес қосқанғалымдар: Каблуков, Аррениус, Коновалов, Карно т.б.

Тарих пәнінің оқытушысы, мерзімінен бұрын біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатқа өтініш берген А.Е.Мұқановның

Қазақстан тарихы пәні бойынша «Қазақстан «Қайта құру» жылдарында (1985-1991ж.ж)» тақырыбында өткізген ашық сабағы

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі;

XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту үшін сол кездегі зиялы қауым өкілдері қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі



тарабынан шыққандар, әрі дала ақсүйектерінің өкілдері еді.

Алаш қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлуеметтік-экономикалық қоғамдық саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді. Алаш париясы деген атпен танылған ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының саяси ұйымы халық идеясының қозғаушы күші міндетін заман талабына сай адал атқарды.

Кезінде (1919-1920ж.ж.) Кеңес үкіметі Алаш қозғалысына қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстанғылымының оқу-ағарту ісінің әдебиеті мен өнерінің ,халық шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқан Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне жетекшілік жасаған қайраткерлерді, түгелге жуық жалған жаламен «халық жауы »аталып сталиндік әкімшіл-әміршілік жүйенің құрбандары болған,ал олардың ғылыми және әдеби мұрасы халықтан жасырын жағдайда ұсталды немесе жойылды. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халық таныған қайраткерлердің қалдырған рухани мұрасы жұртшылықтың игілігіне айналды.

Тарих және қоғамтану пәнінің оқытушысы, мерзімінен бұрын біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатқа өтініш берген К.Қ.Усмановтың

Қоғамтану пәні бойынша «Демократия және оның бағыттары» тақырыбында өткізген ашық сабағы

Сабақтың мақсаты: Түрлі басқару жүйелерінің ішінде демократиялық билік жүйесінің алатын орнын көрсету. Оның өзіндік ерекшелігін негізгі қағидаларын ашу, түсіндіру. Оқушыларды демократиялық құндылықтарды құрметтеуге, саяси мәдениетке, саналылыққа, белсенділікке тәрбилеу.

Сабақтың қысқаша мазмұны: Мыңдаған жылдар бойы адамдар бірлесіп өмір сүрудің неғұрлым жетілдірілген, әлеуметтік әділетті жолдарын іздестіріп келеді. Сол ізденістің қорытындысы ретінде адамзат қауымы адамдардың бірлескен қызметін басқарудың бүгінгі таңда ең ұтымды деп

есептелініп отырған әдісі – демократияны ойлап шығарды.

Демократия дегеніміз халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылыс.

Сабақ барысында қоғамдағы саяси қатынастардың демократиялық негізі, оның принциптері мен жүзеге асыру формалары түсіндіріледі.Сонымен қатар,демократиялық қоғамның белгілерін экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік салаларына қарай бөліп-бөліп баяндалады.

Сабақта сондай-ақ тақырыпты бекіту үшін демократиялық көрініс (сайлау) өткізіледі.

Арнайы пәндер оқытушысы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатқа өтініш берген Қ.Ж.Князованың

Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері пәні бойынша «Инвестиция тарту және мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбында өткізген ашық сабағы.

Пәндік лексика мен терминология: экономикалық терминдер, талдаулар,формулалар.

Жазу:SMART латын әріптерімен жазу және мағынасын түсіндіру.

Құндылықтарды дарыту. Осы тақырып арқылы оқушылардың бойына кәсіпккерлік туралы білімді және бизнес үдерістердің заңнамалық негіздерін жетілдіру арқылы кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру,көшбасшылық,өз бизнесін басқару саласында кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырушылық, талдамалық және кәсіпкерлік құндылықтарды қалыптастыру.

Арнайы пәндер оқытушысы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатқа өтініш берген И.Б.Абжанованың

Еңбекті қорғау және өндірістік экология негіздері пәні бойынша «Қоршаған ортаға әсер ететін факторлар»тақырыбында өткізген ашық сабағы.

1 - Экология нені зерттейтін ғылым?

(Тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ғылым)

2 - Жалпы экология ғылымының салаларын атаңыз.

(факторлық экология, организмдер экологиясы (аутэкология), популяциялар экологиясы (демэкология), бірлестіктер экологиясы(синэкология), ғаламдық экологиясы,тарихи экология.)

3 - Экологиялық факторлардың түрлерін атаңыз.

(Абиотикалық-климат, атмосфера, топырақ, су, жарық, t^0т.б.

Биотикалық-тірі организмдердің өзара қарым-қатынасы.

Антропогендік-адамның іс әрекетінің табиғатқа әсер етуі.)

4 – Экологиялық апат дегеніміз не? Мысал келтір.

(Табиғат пен қоғам арасындағы қарым – қатынас

әбден шиленісіп кеткен жағдайда байқалады. Бұл кезде табиғатта қалыптасқан экологиялық тепе-теңдік мүлдем бұзылады, оны қайтадан қалпына келтіру мүмкін емес. Экологиялық апат адамның тікелей немесе жанама әсерінен болады. Өсімдіктер, жануарлар түрлері мүлдем жойылады. Басты экологиялық апат – ол биосфераның ластануы. 1945 ж. Хиросима, Нагасаки – атом бомбалары радиоактивті затта ртаралады, 1986 ж Чернобыль АЭС – ең ірі апат болды.)

«Дизайн» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы , біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатын растауға өтініш берген М.Е.Мешеловтың

Кескіндеме пәні бойынша «Шыныға лезде саусақпен сурет салу» тақырыбында өткізген ашық сабағы

Лезде қылқаламмен эффектік композиция құрастыру үшін қылқаламды бояуға батырып, онымен қағаздың фактурасы соңғы қорытындысына әсер етеді. **Түсті өзгерту үшін** бір түстің үстіне басқа бір түсті қосса, онда үшінші түс елестеп шығады. Біз бүгін эксперимент ретінде қызыл түстің үстіне жасыл түсті қосамыз. Шынының үстіне үш түсті бояуды қылқаламмен тамызып,тутікшемен үрлеп тартамыз. Шыны бетінде не бір этюд пайда болады. Барлық студент түтікшемен үрлеп, саусақпен жылжытып шыныда еркін тақырыпқа бояулармен суреттерін салады.Әр студент өз жұмысын көпшілікке көрсетіп, түсініктеме береді. Бояу мен саусақты пайдаланып, сурет салудың құпия сырын үйренеді. Осы шеберлік сабағында студенттер **пуантилизм-нүктемен бояу** арқылы сурет салуды үйренді. Қалақшамен «**Мастихин сурет салуды** орындады. Бояуды әр түрлі әдіспен қолданып салу арқылы шығармашылық ізденіске бет бұрды.

«Дизайн» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы , біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатқа өтініш берген Оңал Тілеубердінің

Графикалық дизайнда жобалау пәні бойынша «Фирмалық стиль» тақырыбында өткізген ашық сабағы

Фирмалық стил - тұтынушылар үшін күресте, брендинг қалыптастыруда басты құралдардың бірі, фирмалық стиль бүгінде фирманың барлық коммуникациялық саясатының негізі болып табылады.

Оны қолдану безендіруді, түстердің мазмұндас келуін, жарнамадағы образбен, іскери қағаздармен,

техникалық және іскери құжаттармен, өнімнің қаптамасымен және т.б. бірыңғайлықты ұйғарады. Фирмалық стиль — жарнаманың заманауи және өзекті түрінің бірі. Көптеген зерттеуші оны маркетингтік коммуникацияның ерекше түрі деп қарастырады. Фирмалық стильде түстердің жиынтығы, графикалық және басқа да тұрақты элементтері тауардың (қызметтің) көріністік және мағыналық бірлігін құрайды, фирма жайлы ақпаратты береді.

Фирмалық стильдің негізгі элементтері:

- Тауарлық белгі
- Логотип
- Түсік шешімі
- Қаріп түрлері
- Визитка
- Буклет
- Фирмалық кәдесый заттары
- Фирмалық киім түрі
- Билборд жарнамасы
- Фирмалық автокөлік жарнамасы
- Фирманың ішкі жарнамасы (кіребріс)
- Фирманың сыртқы жарнамасы

Қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің оқытушысы , біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатқа өтініш берген Ж.С. Мырзатаеваның

Қазақ әдебиеті пәні бойынша «Ұлылардың ұлысы-Абай» тақырыбында өткізген ашық сабағы

«Ұлылардың ұлысы-Абай» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер! Биыл мамырда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы заңға қол қойған еді. Халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі 500-ге жуық түрлі іс-шара қамтылғаны туралы айтып өтті.Өздеріңізге белгілі келесі 2020 жылы Қазақтың бас ақыны –Абай атамыздың 175 жылдығын жалпы Республика дәрежесінде атап өтпекшіміз. Қазақ халқы үшін Абайдың маңызы өте жоғары. Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай бүгіл Қазақстан аумағында ақын өлеңдерін оқу эстафетасы болды. Ұлы Абай - ұлт поэзиясының кемеңгері Абайды тану, оны түсіну адамзат баласының қолы оңайлықпен жете бермейтін рухани, адами биіктікке алып

баратын басқыштың бір баспалдағы деп білемін. Бүгінгі сабағымызда біз Абай бинесін жаңа қырынан көрсету үшін зерттеу жүргізу арқылы студенттерге баяндама жұмыстар берілген болатын.

Абай бейнесін таныту арқылы оның бойындағы ізгі қасиеттерді үлгі ету және бойымызға сіңіру.Абай атамыздың бейнесін жан-жақты ашып, зерттеу үшін студенттерді ортаға шақырамын.

Шетел тілі

пәнінің оқытушысы , біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатқа өтініш берген А.Ж.Құсаинованың

Ағылшын тілі пәнінен қашықтан оқйтын студенттермен

«Traditions and customs of Great Britain and Kazakhstan» тақырыбында өткізген ашық сабағы

Introduction the new theme.

The theme of today's lesson is "Customs and traditions in Great Britain and Kazakhstan".

Every nation and every country has its own customs and traditions.

So, comrades the first task is answer the following questions:

-Do you like holidays?

-What is your favourite holiday?

- What is the most interesting holiday in your country?

- How do people celebrate it?

VI. Let's speak about some very important holidays of GB and KZ.

-What British holidays do you know?

Christmas, Easter, New Year, Thanksgiving, Halloween, Mother's Day, Boxing Day,

Fool's Day, Independence Day, St. David's Day, St. Patrick's Day.

The most popular holidays in GB are Christmas and Easter. Let's Speak about them in details.

-What Kazakh holidays do you know?

Nauryz, Independent Day, The First President's Day, Beskunak, Kurbanait, Constitution's Day, Victory Day, New Year's Day, Mother's Day.

The most popular holidays in KZ are Nauryz and Independent Day, Let's speak about them in details.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатқа өтініш берген М.Ә.Қасымовтың «Біз ата-бабалар дәстүрін жалғастырушылармыз» тақырыбында өткізген ашық сабағы

Қатысушылар:

«Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клуб мүшелерімен, екі жақты келісім шарт құруға байланысты клуб жұмысымен жақынырақ таныс болу үшін келген «Jas Otan» Жастар қанаты. Нұр – Сұлтан қаласы филиалының төрағасы Б.Б.Жанділдаев, және орынбасары С.Матюшенко.

«Біз ата-бабалар дәстүрін жалғастырушылармыз» атты әдеби-музыкалық, тарихи-патриоттық кештің қысқаша мазмұны

«Біз ата-бабалар дәстүрін жалғастырушылармыз» атты әдеби-музыкалық, тарихи-патриоттық кеш

іміз қазақ халқының Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама кезеңінен бастап еліміздің Егемендік алған кезіне дейінгі барлық кезеңдер қамтылады. Қазақ елін жайлаған алапат екі ашаршылық, халқымыздың басым көпшілігінен айырылуға әкеліп соқтырған Ұлы Отан Соғысы, ағаларымыздың егемендік аңсап ызғарлы 1986 жылдың желтоқсанында алаңға шығуы осынын барлығын бір кештің ішіне сыйғыздық. Егемендік алған ел ертеңін ойлап, іргесін нық қалайды. 2016 жылы колледж жанынан «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубы дүниеге келеді. Бұл клубтың басты мақсатын өскелең ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеп, патриотизмді бойына сіңірту. 2019 Жастар жылында 3 жылдық мерейтойын тойлаған «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубы қазіргі таңда халықаралық, республикалық және қалалық шыңдарды бағындыруда. Клуб жанынан «Қырандар» жас сарбаздар тобы да жақында құрылып, белсенді жұмыс жасауда.

Дайындаған:

«Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының жетекшісі Қасымов М.Ә.

ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННО-ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ ДИЗАЙНЕРОВ

В современных условиях содержание профессиональной подготовки будущих дизайнеров по кафедре «ТЛП и Дизайн» КазУТБ должно обусловливать развитие творческой личности, способной к самосовершенствованию, к активному, самостоятельному поиску новой информации и формированию новых знаний, развитию способностей к дизайнерской деятельности. Дизайнеру для успешного решения творческих задач необходимо иметь сформированное в процессе специальной подготовки пространственное, прежде всего, визуальное художественно-образное мышление. Придать процессу обучения творческий характер означает не сделать его абсолютно свободным, создать такие условия, при которых студент бы проявил творческий подход к решению конкретной учебной задачи.

Специфическим качеством художественно-образного мышления дизайнеров является визуальный характер образов дизайнерского творчества. В отличие от образного мышления художников, работающих в живописи, графике и скульптуре, художественное творчество в дизайне не является изобразительным. Образное мышление дизайнеров является не только художественным, поскольку в проектной деятельности дизайнеру приходится решать художественные задачи в комплексе с техническими задачами.

Образное мышление занимает важное место в творчестве студента дизайнера кафедры «ТЛП и Дизайн». Благодаря образному мышлению дизайнер создает сначала в своем воображении, а затем на проекте. Абстрактные образы в дизайне могут передавать следующие общие свойства предметного мира: динамику движения, устойчивость, статику, полет и т.д. Дизайнер, создающий абстрактную композицию, манипулирует в своем воображении линиями, цветовыми пятнами, выстраивает их в определенной ритмической последовательности; использует выразительные приемы создания ощущений динамики, остановившегося течения времени, симметрии или асимметрии, гармонии пропорций, ритм и т.д. Умение организовать абстрактные образы в определенные композиционные схемы дает студенту представление об общих законах создания композиции.

Кроме абстрактно-образного, будущему дизайнеру понадобится и развитое образно-логическое мышление, которое чаще всего проявляется как техническое мышление. Преподаватели кафедры развивают у дизайнеров необходимые абстрактно-образного мышления, создают новую реальность, спроектированную по законам гармонии и красоты.

Репродуктивный вид мышления дает студенту возможность субъекту запоминать и осмысливать форму, фактуру, цвет, конструкцию, пропорции и месторасположение видимых объектов в пространстве. Художественно-образное мышление является частью наглядно - образного мышления. Но мышление студента дизайнера не ограничивается наглядными образами и включает в себя другие виды мышления, такие, как абстрактно-логическое, абстрактно-образное, наглядно-образное.

Мышление дизайнера, чаще всего, сосредоточено на представлении новых объектов, которые он проектирует и создает в своем воображении. Решая эти творческие задачи, специалист воплощает свои мысленные представления в наглядных графических образах создаваемых по законам красоты, гармонии, статики или динамики, нюансов или контраста. Развивается художественно-образное мышление у студентов дизайнеров кафедры, способны представлять в своем воображении конструкцию, объемную форму, фактуру и другие характеристики проектируемых объектов. Обучаются формам подачи дизайнерских проектов, которые имеют очень широкий диапазон графических техник. Студенты кафедры изучают свойства различных материалов и техник.

На занятиях студент вырабатывает свою технику,



выбирает излюбленные материалы графики: акварель, гуашь, пастель, перо, тушь, компьютерную графику и т.д. У студентов формируются представления о результатах, которые он может достичь, применяя тот или иной материал и используя ту или иную технику графики. В памяти студентов накапливается информация, фиксирующая множество художественных образов, которые служат отправным исходным материалом для творческой переработки и трансформации в новые оригинальные дизайнерские решения.

Художественно-образное мышление студентов дизайнеров имеет свои особенности, продиктованные содержанием творческих поисков. Которые необходимо обосновать подходы к развитию художественно-образного мышления студентов исходя из индивидуальных различий мышления. Формирование и развитие художественно-образного мышления дизайнеров является одной из важнейших задач в подготовке дизайнеров кафедры «ТЛП и Дизайн» КазУТБ. Профессиональное художественно-образное мышление дизайнера обладает целым рядом определенных свойств, необходимых для решения художественно-производственных проектных задач, необходим комплексный подход.

Таким образом, в процессе занятия решения практических проектных задач активизируются творческие способности студента, в итоге развивается профессиональное дизайнерское мышление, которое позволяет целостно подходить к решению конкретных проблемных ситуаций в области формообразования и организации пространства.

кафедра «ТЛП и Дизайн»
член Союза дизайнеров РК,
ст.препод. Сагинтаева С.А.

Философия пәнінен адам туралы түйген ойым...

Бұл өмірде барлығын бірдей толғандыратын мәселе – адам және оның пайда болуы. Солай емес пе? Алайда, бұған дейін, біз бұл мәселеге ғылыми-теория жағынан тоқталған емеспіз. Сол себепті, біздің қазіргі мақсатымыз – сіздерге адам мәселесі туралы «философия» пәнінен алған біліміміздің, шағын болса да, қызықты ақпаратты жеткізу болып отыр.

Адамның пайда болуы туралы мәселе - материалистік дүниеге көзқарас жөніндегі негізгі мәселелердің бірі. Көптеген ғасырлар бойы бұл проблеманың құпия сыры бүркеніште болды.

Адам туралы алғашқы ілімдер ежелгі Шығыс мемлекеттерінде пайда болды. Мәселен, Ежелгі Үнді философиясында адам әлемдік жанның бөлігі ретінде пайымдалады. Жанның көшуі туралы ілімде тірі жандар (өсімдіктер, жануарлар, адамдар) мен құдайлар арасындағы шекара шартты және өтпелі.

Ежелгі Қытай философиясында Конфуций өз ілімінің түп қазығы ретінде «адамсүйгіштік» (жэнь) мәселесін алды. Оның түсінуінше, адам басқа адамдарды өзіндей жақсы көру керек, сыйлауы керек, ешкімнің алдын кесіп өтпеуі керек дейді. Бұл қасиеттердің бәрін біріктіріп, философиялық ой түйінін Конфуций: «Өзіңе қаламағанды өзгеге жасама» - деп, қорытты.

Ежелгі антика заманында адамды космос бейнесінде, «кішкентай әлем» (микрокосмос) ретінде қарады.

Аристотель «Адам қоғамдық хайуан, тек ақылы бар» - деп, ал құлдарды адам деп санаған жоқ, «сөйлей білетін жануар» деп атады.

Ортағасырлық діни философияда адам обастан-ақ біріне-бірі қарама- қарсы екі бастаманың: тән мен жанның іштей қайшылықты бірлігі болып жаратылған деп түсіндіріледі. Сондықтан мысалы, Августин адамды жаны тәнінен тәуелсіз, өлмейтін жан деп түсінсе, Фома Аквинский адам жан мен тән бірлігі, жануар мен перштенің арасындағы бірдене деп түсінеді.

Жаңа Заман философиясының өкілдері: Бэкон, Декарт, Гоббсс, Спиноза - адамның өз болашағы өз қолында, Құдайдан да, басқадан да тәуелсіз, ол тапқыр да белсенді жасампаз тағдыр иесі, өз өмірінің саналы субъектісі деген пікірді ұстанған. Адамның ерекшелігі де, рухани күйі де оның ақыл-ойында, яғни ойлау қабілетінде деп есептеді.

Маркс: адамды жасайтын, оның еңбекке деген ынтасы, іс-әрекеті, ал қоғамдық болмыс адам санасын анықтайды дейді.

Ал қазақ философтары адам туралы не айтты десек, ең көрнектісі Абай мен Шәкарымның айтқанынан ескерсек болады. Олардың айтуынша адам болмысы үш бөліктен тұрады: тән, нәзік болмыс және жан. Тән – табиғаттың негізгі бес элементінен: топырықтан, судан, оттан, ауадан және эфирден тұрады. Нәзік болмыс бұл біздің түсік бойынша – рух деген мағынада. Жан – адам өмірінің басқарушысы, қуат көзі, мәңгілік болмысы болып табылады. Тән мен материалдық болмыс оның уақытша киген киімі тәрізді.

Бірақ та, жаратылыс зерттеушілер адам анатомиясымен бастапқы танысуының өзінде-ақ адамның құрылысы мен жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлардың, әсіресе, маймылдардың құрылыстарында ұқсастық бар екендігіне көзі жетті.

Адамның тарихи дамуы жайында жаңа ұғым енгізген, бірінші жаратылыс зерттеушісі Ж. Б. Ламарк болды. Ол адамның арғы тегі, алғашында ағашта өрмелеп жүрген, одан жерге түсіп тік жүру әдісіне кешкен маймыл тәрізді жануар болды деген гипотеза жасайды.

Осы жерден, біз адамның пайда болуы туралы теориялардың алуан түрлілігін көре аламыз. Олар:

1. Теологиялық көзқарас. Яғни, адамның шығу тегін Құдаймен байланыстыру.

2. Мутациялық теория. Бұл теорияға сәйкес, бұдан 5 млн-дай жыл бұрын, жер бетіндегі 2 үлкен тақтайша соғылысып, ауаға радиация бөлінген болатын. Сол радияцияға сәйкес, маймылдардың миы өзгеріске ұшырады. Сана сезімі пайда болды.

3. Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы.

4. Космоцентризм. Адамның пайда болуын сыртқы күшпен, ғарышпен түсіну.

5. Реалдық. Яғни, қолда бар нақты фактыларға сүйену.

Ал енді, «Адамның өмірінің мәні неде?» деген сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, оның барлық шарттарын түсіндіру қажет. Өмір - адамның ғарыштағы және уақытындағы санаты. Ал мағынасы 3 категорияда – онтологиялық, феноменологиялық және жеке көрінеді. Барлық нысандардың онтологиялық көрінісі - өмір құбылыстары мен оқиғалары. Феноменологиялық тәсіл - құбылыстың немесе оқиғаның мәнін білдіреді. Жеке категориясы болса, ол өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ететін адамдық семантикалық конструкциялары болып табылады. Барлық үш құрылым адамға өзінің өмірін түсінуге және өмірдің шын мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Тағайындалу – бұл адам болу тәсілі, ол оның туылуынан оның мағынасын анықтайды. Адам өз мақсатын айқын көргенде, ол не істеу керектігін біледі.

Өмірдің мәні мен адам тағдыры өте маңызды шешім. Әр адам өзін-өзі, денесі мен жанындай сезінуді таңдап, содан кейін қайда баруға және не істеуге болатындығын ойлайды. Адамның шынайы тағдыры болған кезде, ол өмірінің құндылығына сенімді болып, оның өмірлік мақсаттарын құра алады және әлемді мейіріммен және өмірге деген ризашылығымен бағалайды. Адам ағып жатқан өзен секілді, өзенге секіретін пирстерді білмейтін болса, онда оның бірде-бір желі болмайды.

Жалпы алғанда, «Адамның мәні не?» деген сұраққа, әр адам әр түрлі жауап айтады. Біреулері адамның мәні – ұрпақ қалдыру, екіншісі – бақытқа бөлену, тағы біреуі – тарихта өз ізін қалдыру деп жауап қайтарады. Сол себепті, бұл сұрақтың анық жауабы жоқ, бірақ мағынасы зор болып қала бермек.

Экономика факультетінің
«Есеп және аудит» мамандығының
2 курс студенті -
Серік Айжан.
«ҚТ және ӘГП» кафедрасының аға
оқытушы магистрі-Кабдий Нұржанар
Ғанибалқызы.

25.11.2019ж.

Нұр-Сұлтан қаласында «Жас сарбаз» Республикалық армия әндері фестивалі басталды. Республиканың барлық өңірінен жиналған 300-ге жуық қатысушылар ҚР ҚК әдеби-тарихи мұражайында бас қосты. Осы күні жеребе тарту рәсімі өтіп, әр қатысушылардың реттілігі анықталды. Фестивальге Нұр-Сұлтан қаласының намысын қорғап «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының «Қырандар» тобы қатысады.

26.11.2019ж.

«Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының «Қырандар» тобы «Жас сарбаз» Республикалық армия әндері фестиваліне қатысты. Фестивальде «Қырандар» тобы авторлық «Жас сарбаздар әні» әні мен «Қазақтың Қарулы Күштері» әндерін орындады.

27.11.2019ж.

«Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының взвод командирі Бекматов Нұрасыл мен «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының бөлімше командирі Кемпреков Бақытжан «Жас қыран» Республикалық талантты студенттердің III-ші кітап жинағына өмірбаяндары шығып, Үздік студент-2019 атанып, төсбелгі мен куәлікке ие болды. Аталмыш жобаға Республика өңірінен 800-ден астам студент өтінім білдіріп, олардың 150-і ғана үздік деп танылды.

28.11.2019ж.

«Жас сарбаз» Республикалық армия әндері фестивалі өз мәресіне жетті. «Қырандар» әскери-патриоттық және спорттық клубының «Қырандар» тобы фестивалге қатысқаны үшін ҚР Қорғаныс Министрі, генерал-майор Н.Ермекбаевтың атынан дипломдарға ие болды. Клуб жетекшісі Қасымов Мамыр Әбдіқадырұлы ҚР Қорғаныс Министрінің Бірінші Орынбасары, генерал-майор М.Бектановтың атынан алғыс хатқа ие болды.

Незабываемое посвящение студентов КазУТБ

Начало нового учебного года для первокурсников Казахского университета технологии и бизнеса ознаменовался красочным праздничным посвящением в студенты. Традиционному мероприятию предшествовало месячная длительная подготовка от разработки сценария, до генеральной репетиции концертной программы. Мероприятие ежегодно непосредственно проводится талантливой молодежью нашего университета. В этом году контингент первого курса пополнился действительно творческими молодыми людьми, среди них не только певцы, но и музыканты, поэты, танцоры, которые продумывают каждый элемент своего номера.

Посвящение проводилось в театре «Жастар», который ежегодно раскрывает свои двери для КазУТБ. 21 октября 2019 года более тысячи студентов Казахского университета технологии и бизнеса прошли посвящение в статус полноправных студентов высшего учебного заведения. Красочное шоу и праздничный концерт, на протяжении всего вечера радовал всех присутствующих в зале. А в этот вечер не было свободного места не в партере, не на балконе. Каждое выступление артистов, публика сопровождала длительными овациями, так как концертные номера были пронизаны душевной теплотой и искренностью выступающих. Надолго останется в памяти и в сердцах вечер, для вчерашних учеников, которые перешагнули порог университета и начали новую страницу в своей молодой жизни. Хотелось пожелать первокурсникам быть всегда целеустремленными, ответственными и помнить, что он носит имя студента КазУТБ.






Поздравляем именинников!

Агедилова Мереке Туяковна
Айпан Гульжан Бекбауыловна
Акылбекова Батимаш Маукеновна
Ахметов Санжар Қанатұлы
Бектенов Самат Жаксылыкович
Бралина Гүлзат Базарқызы
Булекбаев Амирхан Даулетович
Валиева Салтанат Несипбековна
Досалиев Ринат Максутович
Ергалиев Дастан Сырымович
Жумадилова Аида Бакытжановна
Жуманазаров Касымхан Бекбауович
Закерия Ализа
Ибраимова Сауле Жумагалиевна
Иса Пернекүл
Кулбаева Камила Өркенқызы
Мусаева Гульназ Баянбаевна
Мұқажанов Ермек Нұрбекұлы
Нургалиева Жулдыз Джамбуловна
Оралбаева Гульбаршин Болатовна
Омаркожаева Асем Нурбергеновна
Рей Инна Юрьевна
Садыков Туртубек Умутканович
Тунтеев Назарбек Саттарович
Туребекова Бажан Отемаратовна
Усенкулова Шолпан Женисбековна
Шакен Зада Жеңісқызы

Агыбаева Бөтагөз Серікқызы
Баймадиева Галия Адельбакимовна
Байтакова Алинур Кыдырбековна
Бердигалиева Мариям Есбергеновна
Болатхан Марина
Ергашев Бахит Узакбаевич
Ермуханов Адильхан Камбарович
Жайжуманов Ерлан Жамбулович
Жусупова Марина Темировна
Исмайлова Гульмира Инбаевна
Капаров Нурлан Серикович
Касымова Санимкуль Бахытжановна
Құрманбаева Нұргүл Нұргазықызы
Мизамбекова Жамиля Каспиевна
Нурмухамбетова Ботагоз Тулигеновна
Оспанова Мадина Кабдрахмановна
Оспанова Нургуль Турсынхановна
Сапакбаева Айман Ариповна
Сыздыкова Турсынай Акпаровна
Таурбекова Индира Муратхановна
Утеев Динмухамет Балгабекович
Шарипова Динара Божековна

Коллектив КазУТБ

Құрылтайшысы: **КУЛАЖАНОВ Т.К.**
Меншік иесі: **«Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы**

> Газет айына екі рет шығады
> Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, хаттар мен қолжазба қайтарылмайды
> Автор мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді
> Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты
Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігі, ақпарат комитеті күәлік № 17470-Г 24 қаңтар 2019 жылы тіркелді.

Таралымы 500 дана

Мекен-жайымыз:
«Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы
010000 Астана қ., Қайым Мухамедханов көшесі, 37 А
Тел: +7(7172) 279-230
e-mail: muka_ak@mail.ru